

P/c	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
1	"Өнерлі екен он саусақ!" (шеберханаға саяхат)	Балаларды "Өнерлі екен он саусақ!" тақырыбын ашып, балаларға әр түрлі материалдармен (далап,сіріңке қорабы,ермексаз,түрлі-түсті қарындаш,гуашь) таныстыра отырып,өздерінің алақандарын гуашқа батырып,қағаз бетіне бастыра отырып шығармашылық қабілеттерімен қиялын дамыту. Жұмыс барысындаөздерін тианақты ұстауға,бастаған жұмыстарын аяғына дейін ұқыпты жасауға және ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу. Ермексазбен жұмыс жасау кезінде әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып қол моторикасын дамыту.Түрлі-түсті қарындаштарды пайдалану кезінде түстерін ажыратып білуге және сормен қатар түстердің өзара үйлесімділігін ,реттілігін үйлестіре пайдалануға дағдыландыру.	Ақ қағаз,гуашь,тарелке,су құйылған құты,майлық.
2	"Ұзын құлақ сұр қоян" (мүсіндеу)	Балаларды екі бөлікті қосып,оларды біріктіруге,оңай заттарды мүсіндеу,оларды бөлшектеумен толықтыруға(тұмсық,көз) үйрету.Балаларды композициялық қабылдау,аңғарымпаздық қабілетті дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ермексаз,сулы губка,ертегілер суреттері.
3	"Жапырақтар түседі." (жапсыру)	Жапырақшаларды түстері бойынша кезектестіріп,ұсақ элементтерді орналастыруға және жапсыруға көмектесу.Кепкен жапырақшаларды жапсыруға көмектесу.Кепкен жапырақшаларды жапсыру арқылы балалардың қол моторикасын дамыту.	Қағаз,желім,түрлі-түсті қағаз,кепкен жапырақтар.
4	"Күз сыйлығы" (қол еңбегі)	Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.Балалардың талабын арттыра отырып,көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту.Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту.	Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар.Тұзды қамыр.
5	"Күзгі ағаш" (сурет салу)	Күз бояулары туралы ұғымдарын бекіту.Күзгі ағаштың әдемі көрнісін бере білуді үйрету.Қылқаламмен жұмыс істеу машықтарын жетілдіру.Түзу тік сызықтар жүргізе білу дағдысын дамыту.Бояудың түстерін білу қабілетін орнықтыру.Біржағаттылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қағаз,қылқалам,су құйылған стакан,майлық,сүлгі.
6	"Ал қызыл бауырсақ"	Балаларға қызыл түсті ермексазды алақанның арасына айналма	Қызыл түсті ермексаз,сулы

	(мүсіндеу)	қимылдармен көрсете отырып, бауырсақтың бейнесін жасауға үйрету. Ыждағаттылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	шүберек, тақтайша, бауырсақ суреттері.
7	Жалаушалар (жапсыру)	Балалардың назарын әр түрлі затқа сәйкес түстерге аударып отырып, заттық құрамымен бейнесіне сәйкес түстерді ажырата білулерін бекіту. Түрлі-түсті қағаздан жалаушаларды ұқыпты жапсыруды үйрету. Отанына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	Қағаз, желім, түрлі-түсті қағаз, үлгі.
8	"Допты әрлеп үйренеміз" (сурет салу)	Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамырдан жасалған дөңгелек пішінді допқа ұқсастырып әрлеуді үйрету. Ұсақ қол қимыл-қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әр түрлі, әр түсті доптар.
9	Кірпіге арналған алма. (сурет салу)	Балаларды алманың суретін салуға, бояуларды араластыру жолымен қызғылт түс жасап алуға, суретті ұсақ бөлшектермен толықтырып салуға үйрету. Негізгі түстерді білу қабілеттерін орнықтыру. Көзбен мөлшерлеуді, зейінді шоғырландыруды, аңғарымдылықты және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Сурет салуға ынталы болуға баулу.	Қағаз, гуашь, қылқалам, су құйылған құты, майлық.
10	"Түрлі-түсті қарандаштар" (мүсіндеу)	Ермексазды алақанның арасында тұзу қимылдармен жазу дағдысын жетілдіру. Балаларға түстерді ажырата білуге үйрете отырып, ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету.	Үлгі, ермексаздар бала санына қарай, сулы губка, тақтайшалар.
11	"Көлік" (жапсыру)	Бөлшектерді жапсырып және бірінғай бейнені құрып, затты құрастыру, дағдыларын дамыту. Танып-білуге құмарлыққа, бастаған істі аяғына дейін жезкізуге тәрбиелеу.	Қағаз, желім, түрлі-түсті қағаз, үлгі.
12	"Мимоза бұғаты" (сурет салу)	Балаларға мимоза бұтағын әр түрлі сурет салу әдістерін пайдалана отырып, қағаз бетіне түсіре білуге үйрету. Бояумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Ұсақ қол моторикаларын дамыту.	Суреттер, қағаз, түтікше, бояу, щетка, мақта.
13	"Қоңыр күз" (сурет салу)	Ағаштың суретін және бұтақтарын салуды үйрету. Қылқалам қылдарының бағыты бойынша сурет салуды, басу күшін бақылай білуді үйрету. Мақсаткерлікке, ыждағаттылыққа үйрету.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
14	"Қанқызы" (мүсіндеу)	Жәндіктің өзіне тән ерекшелігін бере отырып, балаларды мұқият болуға, ұқыптылыққа үйрету.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.

15	"Әжейге арналған орамал" (жапсыру)	Шаршы пішінді қағаз бетіне өрнегін бұрыштарға, шет жақтарға және орналастырып оюды жапсыруға үйрету. Ұқыптылыққа және шығармашылықпен ойлай білуге үйрету.	Қағаз, желіп, түрлі-түсті қағаз, үлгі.
16	"Жүзік" (қол еңбегі)	Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру. Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту арқылы жүзік жасауға үйрету. Қазақтың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге үйрету.	Тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам, сүлгі.
17	"Аққала" (сурет салу)	Балаларға аққаланың суреттің салуды үйрету, бұл ретте әр түрлі мөлшердегі шеңберлерді араластыра салып, бейнені кейіпкердің обрзын бере алатын ұсақ бөлшектермен толтыру керек. Гуашпен сурет салудың машығын, шығармашылық ыңғайын дамыту.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
18	"Қар күрегі" (мүсіндеу)	Балаларға бірнеше бөлшекттерді қосып, қар күрейтін күректі мүсіндеуге үйрету. Шығармашылық ой-қиялдарын, қолдардың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.	Үлгі, ермексаз, сулы губка, тақтайша.
19	"Әдемі тақия" (жапсыру)	Жыл мезгілдеріне байланысты қандай киім киетіндеріне тоқтала отырып, пішіні әр-түрлі тақияларды түстеріне сәйкес топтауға үйрету. Оларды күнделікті қолданатын заттар мен байланыстыра айта білуді меңгерту.	Түрлі-түсті қағаз, желім, қағаз.
20	"Жаңа жылдық ойыншақтар" (сурет салу)	Қалдық заттарды пайдаланып, жаңа жылдық шырша ойыншықтарын жасау.оны әдемі көркем безендіру арқылы көркемдік талғамын дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акваркоь, сүлгі немесе майлық.
21	"Жаңа жылдық шырша" (сурет салу)	Шырша бұғатын салуды және оны Жаңа жылдық ойыншықтармен безендіруді үйрету. Қылқаламның ұшымен сурет салу машығын дамыту. Ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акваркоь, сүлгі немесе майлық.
22	"Әжем үшін дәмді сый!" (мүсіндеу)	Ермексазды алақанның арасында түзу қимылдармен жасып, ойластырып кесекті жалпақтау ,немеск "таяқшалардың" арасын қосып,онай мүсіндеуге үйрету.Бір-біріне көмек көрсетуге ынталы болуға тәрбиелеу.	Үлгі, ермексаз, сулы губка,тақтайша, ұшақ суреттері.
23	"Бұршақты көйлек." (Жапсыру)	Қағаз жазықтығында көйлек пішінін ескеріп ,өрнекті орналастыру заңдылығын көрсету.Зейінін ,қимыл дәлдігін дамыту..Эстетикалық талғамға тәрбиелеу.	Қағаз,желім,түрлі-түсті қағаз.

24	"Мимоза бұтағы" (сурет салу)	Балаларға мимоза бұтағын әр түрлі сурет салу әдістерін пайдалана отырып,қағаз бетіне түсіре білуге үйрету.Бояумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру.Ұсақ қол моторикаларын дамыту.	Суреттер,қағаз,түтікше,бояу,щетка,мақта.
25	"Көктемнің портреті" (сурет салу)	Көктемнің портретін салуды, жұмысты жоспарлауды,ұсақ бейнелерді түрлі-түсті қарындаштармен салуды үйрету.Шығармашылық ой -қиялды ,қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту.	Сурет дәптері,қылқалам,балды акварель,сүлгі немесе майлық.
26	"Ұшақтар парады" (мүсіндеу)	Ермексазды алақанның арасында түзу қимылдармен жазып,"таяқшалардың" арасын қосып ,екі бөліктен тұратын оңай заттарды жасауға үйрету.Шығармашылықты, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту.	Үлгі, ермексаз,сулы губка,тақтайша,ұшақ суреттері.
27	"Көрпеше" (жапсыру)	Халық кәсіпшілігімен таныстыруды жалғастыру.Көрпешенің суретін түсіне қарай алмасып тұратын шаршылар көмегімен аппликация құрақтарын беру арқылы жапсыру.Түстерді үйлестіре білу қабілетін дамыту.Халық тұрмысы заттарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Қағаз,желім,түрлі-түсті қағаз,үлгі.
28	"Қуыршаққа арналған моншақ"	Әшекей бұйымдары жәйлі білім беру. Саусақ маторикаларын дамыту,тізбектей алуға үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Тұзды қамыр,сүлгі, тақтайша.
29	"Әдемі кесе" (сурет салу)	Балаларды түстерді ажырата білуге ,ыдыстар туралы мағұлмат бере отырып,оның ішінде кесенің қандай ыдыс,не үшін пайдаланатыны туралы ұғым қалыптастыру,ұқыптылыққа тәрбиелеу.Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту.	Сурет дәптері ,қылқалам,су құйылған стакан,майлық,сүлгі.
30	"Орман аңдары үшін тағам" (сәбіздер,алмалар,жидектер) (мүсіндеу)	Ермексазды алақанның арасына түзу және айналма қимылдармен жазып ,оңай заттарды жасауға үйрету.Ұжымда жеке жұмыстарды біріктіруге үйрету.	Ермексаз,сулы губка,тақтайша,көрнекі суреттер.
31	"Желкенді қайық" (жапсыру)	Бөлшектерді жапсырып және бірыңғай бейнені құрып затты құрастыру дағдыларын дамыту.Ірі және ұсақ бөлшектерді орналастыруға және жапсыруға үйрету.	Қағаз,желім,түрлі-түсті қағаз,үлгі.
32	"Алтын күн" (сурет салу)	Шеңберді түзу сызықтармен үйлестіре білуге үйрету.Сызықтар туралы түсініктерін дамыту.Шығармашыл болуға тәрбиелеу.	Түрлі-түсті қарындаштар дайын шеңбер сызылған қағаз.
33	"Кемпірқосақ" (сурет салу)	Бейнелеу өнерінде заттардың қасиеттеріне сәйкес түстерді ажырата білуге,оны дұрыс пайдалана білуге үйрету.Табиғатқа днген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	Сурет дәптері,қылқалам,балды акварель,сүлгі немесе майлық.

34	"Сүйікті ойыншық" (мүсіндеу)	Ермексазды алақан арасында түзу және айналма қимылдармен жазып ,өздерінің сүйікті ойыншықтарын мүсіндеуге үйрету.Қолдың ұсақ бұлшықеттерін ,зейін қою қабілеттерін дамыту.	Үлгі,ермексаз,сулы губка,тақтайша ,ойыншықтар суреттері.
35	"Бағдаршам" (жапсыру)	Балаларды түстерді ажырата білуге,бөлшектерді жапсырып және бірыңғай бейнені құрып,затты құрастыру дағдыларын дамыту.Шығармашылық ой-қиялды, колдардың ұсақ бұлшықеттерін дамыту.	Қағаз,желім,түрлі-түсті дөңгелек пішінде қиылған үлгілер,бағдаршамның суреттері.
36	"Адам бейнесі" (топтық жұмыс)	"Өзара сыйластық" ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.Туыс ,туысқан ұғымы жайлы түсінік беру.Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту.Адам бейнесін бейнелей алуға үйрету,саусақ маторикаларын дамыту.Адамгершілікке,өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	Тұзды қамыр,сүлгі,тақтайша.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ортаңғы топқа арналған балалардың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау және шығармашылық қабілетін, қиялын шыңдап, қол еңбегін дамыту мақсатында "Өнерлі екен он саусақ" вариативтік компонент ұсынылды. Бұл вариативтік компоненттің жаңашылдығы білім берудің базалық мазмұнын кеңейтуге, балалардың қосымша білім, білік, дағды алуына бағытталған. Оның ерекшелігі дәстүрлі және дәстүрден тыс материалдарды пайдалану. Ол балалардың шығармашылыққа, бейнелеу өнеріне түрлі материалдармен жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттырады.

Бейнелеу құралдарын, жұмыстың түрлі әдістерін қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады. Ұсынылып отырған вариативтік компонент балаларға қосымша білім беруге баланың білімін, шеберлігін көрсету. Баланы шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау.

Мақсаты:

- Балалардың жалпы интеллектуальды түрде және қолдың ұзақ моторикасын дамыту.
- Дәстүрлі емес әдіспен сурет салу арқылы көркемдік-шығармашылық қабілеті барысында еркін ойлауына, еркін жұмыс жасай білуіне мүмкіндік беру.
- Балаларының танымдық көз қарасын, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, логикалық ойлау, шапшаңдық, іздемпаздық, іскерлік қасиеттерін қалыптастыру.
- Өз ой пікірін қорғай алуға үйрету.

Міндеттері:

- Баланың қабылдау, ойлау сияқты дамыту;
- Дәстүрлі емес сурет салу, шығармашылық әдістерін ажырату;
- Умаждалған қағаз, тығын, т.б көркем материалдармен жұмыс істеу әдістеріне үйрету;
- Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;
- Ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу.

Мерзімі: Ортаңғы топта аптасына 1рет, жылына 36 сағатқа құрылды.